



13 ақпан, сейсенбі 2024 жыл

e-mail: syrboiy@yandex.kz

www.syrboiy.kz

www.facebook.com/syrboiy_kz/

www.instagram.com/syrboiy_kz

https://twitter.com/syrboiy

t.me/syrboiy_kz

ПРЕЗИДЕНТ

ҰЛЫТАУДА НЕ ӨЗГЕРІС БАР?

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ұлытау облысының әкімі Берік Әбдіғалиұлын қабылдады.

Президентке Ұлытау облысының бытырғы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы туралы есеп берілді. Негізгі капиталға салынған инвестиция көлемі 14 пайызға өсіп, 210,1 миллиард теңгеге жетті. Осы ретте жеке инвестицияның үлесі 90 пайызды құрады. Өткен жылы өңірде жалпы сомасы 10 миллиард теңге болатын 3 ірі жоба іске асырылды.

Берік Әбдіғалиұлының айтуынша, биыл кем дегенде 16 жобаны, оның ішінде өнеркәсіп және геология бағыттары бойынша 8, туризм және сауда салаларында 3, агроөнеркәсіп кешенінде 5 жобаны іске қосу жоспарланған. Нәтижесінде өңірде 700 жаңа жұмыс орны ашылады.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа биыл аграрлық салада құс фабрикасын, ет өңдеу кешенін салу, 3000 гектар аумақта картоп және көкөніс өсіретін фермерлік шаруашылықтарды іске қосу көзделіп отырғаны жөнінде мәлімет берілді.

«Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында 2024-2025 жылдары 3600 орындық 6 мектеп салынады. Оның біреуі биыл Жезқазған қаласында пайдалануға беріледі.

Сонымен қатар Ұлытау облысының әкімі биыл іске қосылатын 10 спорт нысаны жайында баяндады. Атап айтқанда, 320 адамға арналған бассейні бар көпфункционалды спорт кешені, Жезқазған қаласында «Қазқамыс» корпорациясының «Намыс» СК балалар мен жасөспірімдер спорт академиясы, Жезді және Жаңаарқа кенттерінде денешынықтыру-сауықтыру кешендері, Қаражалда жабық бассейн, сондай-ақ ангар типті 5 ойын кешені салынады.

Кездесуде облыстағы жылыту маусымының және жылумен қамтамасыз ету жұмыстарының барысы туралы айтылды. Инфрақұрылымды одан әрі дамытуға байланысты 2029 жылы Жезқазған мен Сәтбаев қалаларында екінші жылу-электр орталықтарының құрылысын жүргізу жоспарланып отыр. Бұл орталықтар жылу тапшылығы мәселесін шешуге тиіс.

Мемлекет басшысына «Жезқазған-Қызылорда» және «Жезқазған-Арқалық» жолдарының құрылыс-монтаждау, сондай-ақ «Үйтас-Айлоос» су құбырының реконструкциялау жұмыстары басталғаны жайында баяндалды.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев өңірді одан әрі дамыту және тұрғындардың әл-ауқатын жақсарту жөнінде бірқатар тапсырма берді.

ЕУРАЗИЯЛЫҚ ДАМУ БАНКІНІҢ ҰҚПАЛЫ ҚАНДАЙ?

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Еуразиялық даму банкінің басқарма төрағасы Николай Подгузовты қабылдады.

Мемлекет басшысына банк жұмысының нәтижелері мен алдағы кезеңге арналған жоспары жөнінде мәлімет берілді. Николай Подгузовтың айтуынша, Еуразиялық даму банкінің Қазақстан экономикасына салатын жыл сайынғы инвестициясы екі жыл қатарынан 1 миллиард доллардан асып отыр.

Қасым-Жомарт Тоқаевқа банктің 2022-2023 жылдардағы инвестициясының жылдық көлемінің жалпы сомасы 4,2 миллиард долларды құрағаны туралы баяндалды. Бұл Стратегияда бекітілген 2022-2026 жылдарға арналған жоспардан шамамен 1,5 есе көп. Өткен жылдың қорытындысы бойынша бұл көрсеткіш 59 пайызды құрады.

Президентке берілген мәліметке сәйкес Қазақстандағы әлеуетті жобаларға бөлу үшін банктің 2024 жылға қарастырып отырған қаржы көлемі 3,5 миллиард доллардан асады. Инвестицияны, ең алдымен, көлік инфрақұрылымы, жылу энергетикасы, жанармалат энергия көздері, өнеркәсіп, агроөнеркәсіп және су ресурстары сияқты стратегиялық маңызды салаларға салу жоспарланып отыр.

Николай Подгузовтың айтуынша, биыл банк Қазақстанның қаржы нарығын дамыту және инфрақұрылымдық жобаларды қаржыландырудың жаңа құралдарын енгізу ісіне атсалысуға ниетті.

Сонымен қатар Еуразиялық даму банкі төрағасы Мемлекет басшысына Орталық Азияның су-энергетика саласына жасалған зерттеу нәтижелерін таныстырды. Банк Қазақстанның су ресурстарын тиімді пайдаланатын елдердің көпшілігіне ретінде қалыптасуына ықпал етуге ниетті. Сондай-ақ суды үнемдейтін және энергетикалық тұрғыдан тиімді технологиялар бойынша аймақтық сараптама орталықтарын дамыту үшін 10 миллион долларға дейін гранттық қаржы бөлуге дайын. Бұған қоса, суды есепке алудың цифрлық технологияларын, суармалы жерлерге толықтай лазерлік жо-спарлау тәсілін енгізу және заманауи ирригациялық құрал-жабдықтар өндіретін өндірістік-сервистік кластер құруға бағытталған жобаларға 400 миллион долларға дейін қаржы бөлемек.

Мемлекет басшысы биыл жазда Алматы қаласында Еуразиялық даму банкінің жылдық қорытынды жиналысын және іскерлік форумын ұйымдастыру мәселесін құптайтынын жеткізді. Аталған форумның күн тәртібінде Орталық Азияның су-энергетика кешеніне, көлік жүйесі құрылымы мен қаржы құралдарын дамытуға қатысты мәселелер қамтылады. Сонымен қатар Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде банк қолдау білдірген инфрақұрылымдық жобалардың маңызды екенін айтты.

ЖАҢАН ЖАҢҒЫРЫҒЫ

ӘЛЕМ САЯСАТЫНЫҢ ӘЛЕГІ



Ежелгі аңыздан жеткендей, «Пандора жәшігі» ашылғанда жер бетіне зұлматтық таратты-мыс. Дүниежүзінде зұлмат болған сайын адамзат осы аңызды жиі еске алады. Кейінгі жылдары әлем географиясын ақтарып отырсаңыз, қақтығыстардың көбейе бастағанын аңғару қиын емес. Украинаға шүбіліккен Ресей, тынышы кеткен Таяу Шығыс, азаматтық соғыстың алдында тұрған Африка елдері, ауызбіршілігі бұзыла бастаған Еуропалық одақ, осылай кете береді. Бұған арагідік Қытай мен Үндістанның, қос Кореяның бір-біріне сес көрсетуін қосыңыз. Осыларды ескеріп, әлемдік саясатты тұрақсыздық билегенін байқаймыз.

АҚШ-ТЫҢ АСЫҒЫ АЛШЫСЫНАН ТҮСПЕЙ ТҮР

Барлығын 2021 жылдан бастасақ, АҚШ Ауғанстан жеріндегі әскерін түгел әкеткен болатын. Міне, осы кезде ресейлік басылымдар «АҚШ-тың ықпалы жоғалып барады» деп жаһанға жар салды. Ал қарсы тарап болмашы позицияға қаржы шығындап, әскер ұстаудың алып держава үшін тиімсіз екенін алға тартқан. Енді АҚШ Ирак пен Сирия жеріндегі әскерін де алып кетуге ниет танытып отыр. Бір сөзбен айтқанда, бұл процестер Американың Таяу Шығыстағы ықпалының әлсіреуіне жол ашады. Ал бұл тұста бір сауал туындайды: АҚШ Таяу Шығысты шынымен еркіне қоя салмақ ниетте ме әлде

белгілі бір факторлар әсер етуде ме? Жақында ағылшындық Reuters басылымы Америка туралы «пандемияға дейін бұл ел дүниежүзілік геосаясат пен экономиканың басты қозғалыс күші болды, ал қазір ішкі проблемаларын да еңсеруге қауқарсыз, қоғамы екіге жарылған, саяси элитасының арасына ірікті түскен, басқа да дағдарыстар батпағына батып бара жатқан ескі империяны еске түсіреді» деп жазды. Бұған қарап, Америка Таяу Шығысты өз ішкі мәселесін шешіп алғанша босата тұрмақ деп тұжырымдауға болады. Бір жағынан Таяу Шығысты Израил бір сілкіп алмаққа ниеттеніп тұрған тұста АҚШ ортаға кіргісі келмейтін секілді. Кейінгі аппараттарда Сирияның Сыртқы істер министрлігі Израилге соғыс ашағынын ашық айтқаны жазылған.

2-бет

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК МӘСЕЛЕСІ ТҮБЕГЕЙЛІ ШЕШІЛЕДІ

Кеше облыс орталығында тұрғындар өтініш-тілегі ескеріліп, тағы 70 автобус қалашілік бағыттарға қосылды. Іс-шараға облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев, облыстық мәслихат төрағасы Наурызбай Байқадамов, ардагерлер мен жауапты сала басшылары қатысты.

— Кейінгі екі жылда мектеп оқушыларына 30, денсаулық сақтау саласына 70 желел жәрдем, орманшыларға 470, құдық қорғау органдарына 92, ветеринарларға 30, электр тарату торабына қызметтік 16 автокөлік берілді. Сондай-ақ «Үлгілі елді мекен» облыстық конкурсының жеңімпаздарына заманауи үлгідегі 29 арнайы техника табысталды. Жылдан-жылға облыс орталығындағы жолаушылар тасымалдау қызметі жақсарып келеді. Осы мақсатта екі жылда 200 жаңа автобус жолаушылар тасымалдау қызметіне қосылды. Атап айтқанда, 2022 жылы 150 жаңа автобус сатып алына, бытыр тағы 50 үлкен сыйымдылықтағы көлік қалалық және қала маңындағы бағыттарда жұмысын бастады. Биылғы жоспарланған 100 жаңа автобустың 70-і жеткізіліп, енді ел игілігіне айналады. Осылайша облыс орталығындағы қоғамдық көлік мәселесін түбегейлі шешеміз, — деді Нұрлыбек Машбекұлы.

Іс-шара барысында көлік саласының ардагері Өмірбек Шәменов

жерлерестерін құттықтап, жолаушылар тасымалдау қызметіндегі ілкімді істерді жоғары бағалады.

Бүгінде облыс орталығында бұл бағытта «Қызылорда автобус паркі» ЖШС қызмет атқарады. Үлкен сыйымдылықтағы автобустарда мүмкіндігі шектеулі жандар, ересектер мен оқушылар үшін QR-кітап оқуға қолайлы жағдай жасалған. Ал автобустардың келуін «ГИС» және «Яндекс GO» ұялы қосымшалары арқылы бақылауға мүмкіндік бар.

Қазір өңірде жол-көлік саласын дамытудың ауқымды жобалары жүзеге асуда. Өткен жылы республикалық және облыстық бюджеттен 38,5 млрд теңге бөлініп, 671 шақырым жол жөндеуден өтті. Қазір облыстағы жақсы жағдайдағы жолдың үлесі 87,5 пайызға жетіп отыр. Республикалық және облыстық бюджеттен бөлінген 25 млрд теңгеге 230 шақырым жол жөнделеді. Жыл соңына



дейін жақсы және қанағаттанарлық жағдайдағы жолдардың үлесі 90 пайыздан асады.

Қызылорда қаласында 975 млн теңгеге заманауи үлгідегі автовокзал салынуда. Халық көптен бері мәселе етіп көтерген Ғ.Мұратбаев және Яссауи көшелерінің қиылысындағы теміржол арқылы өтетін жаяу жүргіншілер көпірі ел игілігіне берілді.

Жұртшылықтың сұранысына сәйкес «Қызылорда» каналы арқылы «Бөйтерек» шағын ауданына өтетін көпір ашылды. Биыл Қызылорда қаласында Жаппасбай батыр көшесі 4 жолақты болып кеңейтіліп, Яссауи көшесі қайта жаңғыртылады. Жанқожа батыр көшесінен теміржол асты көпірі салынады.

Бұл жобаларға республикалық және облыстық бюджеттен 11 млрд теңгеге жуық қаржы қаралды. «СБ» ақпарат



Суреттерді түсірген Н.Нұрғалиев



НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

ЖАҢА НЫСАНДАР ҚҰРЫЛЫСЫМЕН ТАНЫСТЫ

Сенбі күні облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қала аумағындағы жаңадан салынып жатқан нысандардың құрылыс жұмыстарымен танысты.



Алдымен аймақ басшысы сол жағалаудағы «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы аясында бой көтеретін 900 орындық мектептің құрылыс алаңына барды. Келісім-шарт құны 5 млрд теңгеден асатын білім орасының құрылысы өткен жылы басталған болатын, бас мердігер – «СК Данекер» ЖШС.

Еске салсақ, биыл облыста «Жайлы мектеп»

ұлттық жобасымен 11 нысан бой көтермек.

Келесі нысан – 300 орынға арналған жатақханасы бар 400 орындық физика-математика бағытындағы мектеп-интернат. Заманауи ғимараттың іргетасы өткен жылы шілде айында қаланды, «Білімді қолдау жолы» есебінен салынауда.

Мұнан кейін облыс әкімі «Қан орталығына»



Суреттерді түсірген: Б.Бектөлеу

барды. IV санатты, жылына 500-10000 донацияға арналған орталық құрылысы 2022 жылдың тамыз айында басталды, жоба-сметалық құны – 2,85 млрд теңге.

Өрі қарай Нұрлыбек Машбекұлы «Оқушылар сарайының» құрылысымен танысты. 350 орындық екі қабатты ғимараттың айналасына саябақ және демалыс аймағы салынады, нысан

тамыз айында ел игілігіне табысталмақ.

Аймақ басшысы мердігерлерге құрылыс сапасын қатаң бақылауда ұстап, мерзімінде аяқтауды тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

БРИФИНГ

ЕҢБЕК АДАМЫНЫҢ ҚҰҚЫҒЫ ЕҢ БІРІНШІ ОРЫНДА

Еңбек адамы дегенде елдің ойына алдымен кәсіподақ ұйымдары оралатыны айқын. Өйткені, оның құқығын қорғайтын да, көмек беретін де бірден-бір қоғамдық ұйым – кәсіподақ. Аймақтағы кәсіподақтар бірлестігі құрамында қазірде 12 салалық кәсіподақ болса, оның ішіне 1007 кәсіподақ ұйымы, 96 812 мүше біріккен. Өткен жылы жаңадан 16 бастауыш кәсіподақ ұйымы құрылып, 644 жұмыскер оның мүшесі атанды.

Дина МӘДЕЛХАНҚЫЗЫ, «Сыр бойы»

Аумақтық кәсіподақтар бірлестігі мен ҚР Кәсіподақтар федерациясының 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына, облыстық кәсіподақтар бірлестігінің негізгі іс-шаралар жоспарына сай бас кеңестің шешімімен 2023 жыл – «Қауіпсіз еңбек жылы» болып белгіленіп, соған орай түрлі шаралар ұйымдастырылды.

Сонымен қатар облыс әкімі бастамасымен 52 ірі кәсіпорын мен облыс әкімдігі, жұмыс беруші және облыстық кәсіподақтар орталығы арасында «Еңбек ұжымындағы әлеуметтік-еңбек жағдайы мен өндірістік процестердің тұрақтылығын қамтамасыз ету, жұмыс орындарын сақтау және персоналды жұмыспен қамтуды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзара түсіністік және ынтымақтастық туралы» меморандумдар жасалды. Келісімдер аясында кәсіподақ ұйымдарына ұжымдық шарттарды қайта қарастырып, өзгерістер енгізу ұсынылды.

Қауіпсіз еңбекті ұйымдастыру, еңбек жағдайының қауіпсіздігін қамтамасыз ету, кәсіби сырақатты және өндірістігі зақымдануды болдырмау шаралары өткізілгеніне қарамастан, облыс өндірістерінде жазатайым оқиғалар болып жатады. Мәселен, өткен жылдың 12 айында еңбек қызметімен байланысты 45 жазатайым оқиға тіркелді. Кәсіподақтың негізгі қызметінің бірі еңбек қауіпсіздігі екенін ескерсек, ол бойынша 736 өндірістік кенес құрылып, 758 техникалық инспектор қоғамдық жұмыс атқаруда.

Айта кетейік, облыста кәсіподақ белсенділерін, мүшелерін оқыту жұмыстары тұрақты жүргізіліп келеді. Өткен жылы аумақтық кәсіподақтар бірлестігі 21 семинар-оқу жиынын өткізсе, оған 1297 маман қатысқан.

Бұл – еңбек адамының жұмыс барысындағы қауіпсіздігі мен құқығын қорғаушылар саны артып жатқанының айқын көрінісі.

ОЗЫҚ ОЙЛЫ ОҚУШЫНЫҢ ЖЕТІСТІГІ

Сырдария ауданының 11-сынып оқушысы Асылжан Абдуллаев жасанды интеллектті қазақша сөйлету үшін 300 мыңнан астам сөз бен 220 млрд-тан астам ақпаратты енгізген. Осылайша, ол білімі мен тапқырлығының арқасында ерекше жобаны сәтті жүзеге асырды. Нақты кезеңде жас өреннің жаңа жобасына америкалық ғалымдар қызғыштық білдіріп отыр. Кеше өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстағы үздік ІТ жобалар мен жасанды интеллектті дамыту жайы сөз болды.



жобасы Орталық Азиядағы 300 стартаптың үздік ондығына кірген болатын. Жалпы «QazaqGPT» деген не? – деген сұрақ туындауы мүмкін. Бұл – интеграцияланған жасанды интеллект мүшесі, яғни, біз отандық модельдерді қолдана отырып, «Open ai» базасында өзіміздің жасанды интеллектті құрамын болатынбыз. Негізінен, бұл жоба «InnoFest» базасында пайда болды. Сол мезетте жасанды интеллекттің қазақ тілінде дұрыс дамымағанын ескеріп, осындай жоба жасауды жөн көрдік. Қазіргі таңда «Elastus» халықаралық ұйымының стратегиялық әдвйзері, америкалық азамат Рэндел Брюнстер ұсынған түсті. Одан бөлек, біз халықаралық деңгейге шығуға тырысып жатырмыз, – дейді озық ойлы жас өрен.

«Digital Almaty 2024» халықаралық форумның аясында біздің «QazaqGPT»

«СБ» ақпарат

Жақында X желісінде Техас штатының Америкадан бөлінуі жайлы жазбалар қаптап бастады. Жай қарап жатсын ба, ресейлік басылмалар бұл мәселені өршітіп, «Техас өз алдына бөлек шықпақ, АҚШ әлсіреді, азаматтық соғыс болады» деп іліп әкетті. Шын мәнінде, салмақты сарапшылар аталған жайттың күн тәртібінде тұрмағанын әлдеқашан айтқан. Ал желідегі жазбаларды боттар жазған, яғни, ақпараттық шабуылды шетелдіктердің, соның ішінде Ресейдің ұйымдастыруы мүмкін. Бірақ Америкада ІІТтардың құрамынан шығу туралы құқықтық тегі қарастырылмағанын олар ұмытқан сияқты. Тіпті Техастың тәуелсіздігі туралы мәселе референдумға шығарылғанын өзінде, бұл референдум заңсыз болып танылады. Себебі Азаматтық соғыстан кейін, 1869 жылы АҚШ Жоғарғы соты біржақты түрде одақ құрамынан шығуға штаттардың құқығы жоқтығын бекіткен.

Десек те Техас пен өзге оңтүстік штаттарда ми-

қалдыруы одан сайлаушылардың теріс айналуына түрткі болмақ.

БАТЫС БАҒЫТЫНАН ЖАҢЫЛДЫ МА?

Ендігі әлгіме ешқашан ымырасына жік түспейтіндей көрінген Батыс елдері туралы болмақ. Негізгі кәрі құрлық халқы тыныш жатқан жұрт еді, алайда Ресей мен Украина қақтығысы басталған тұста қауіпсіздікке алаңдай бастады. «Бір құмалақ бір қарын майды шіретеді» дегенді осы тұста айтсақ болады. Жыл басында Еуропалық одақ Украинаға 50 млрд еуро көмек беруді жоспарлағанда Венгрия аяқасты құбылып, шешімге veto жариялаумен келді. Жалпы Венгрия өкілі Виктор Орбанның кейінгі кезде ресейшіл адам екені аңғарылғандай. Осы айдың басында тағы жиын өтті, абырой болғанда Венгрия Киевке жәрдем



Фото: Ашық дереккөздер

ӘЛЕМ САЯСАТЫНЫҢ ӘЛЕГІ

грациямен байланысты дағдарыс өршіп барады. АҚШ оңтүстік шекаралардан еніп жатқан келімсектердің толқынына тап болды. 2021 жылы президент атанған демократ Джо Байденнің жеңіске жетуіне жана америкалықтар, яғни, осы елдің азаматтығын алған мигранттар зор ықпал еткен еді. Алғаш ретінде мемлекет басшысы көші-кон келергелерін біршама жеңілдетті. Содан бері елге шамамен 3,8 миллион мигрант қоныс аударыпты. Бір апта ішінде Америкада тұрақты түрү ниетімен Мексика жағынан шекараны кесіп өтетін шетелдіктердің, соның ішінде ресейліктердің саны 50 мыңнан асады. Байден ел тізінін қолына алғалы бірнеше миллион мигрант шекараны заңсыз кесіп өткен. Мұның бәрі федералдық қызметтерге ауыртылдық түсіреді. Мигранттардың қаптаған легі Нью-Йорк сияқты алып мегаполистерге дейін жетті. Олар топ-топ болып, тоқтаусыз келіп жатқан адамдарды қайда орналастырарын білмей, тұйыққа тірелді. Жат жерге келгендер қылмыс әлемінің құрбаны болады немесе солардың армиясын толтырады. Салдарынан қылмыс белең алған.

Ал Вашингтон темірдей тәртіп орната алмаған соң, жергілікті билік қатаң шаралар қабылдауға көшті. Мәселен, Техас губернаторы, республикалық Грег Эббот өзі бастап, Мексика шекарасына тікенді сым тартқызыды. Бірақ бұған орталық билік қарсы шықты. Биыл 22 қаңтарда АҚШ Жоғарғы соты федералдық Үкіметке сымды кедергілерді алып тастау құқығын берді. Себебі иммиграция мәселелері – штаттар билігінің емес, тек қана федералдық Үкіметтің құзырына жатады. Мұндай шешім жергілікті биліктің ашуын туғызды. Техас штатының губернаторы Эббот бұл тыйымға пысықмайтынның мәлімдеп, штаттың Ұлттық ұланына тікенді сыммен шекараны бекітуді жалғастыруға бұйрық берді. Жалпы саны 25 штаттың республикалық губернаторлар Эбботтың ұстанымын жақтап шықты.

Іс жүзінде олар орталық билікке қарсы шығуда. Бірақ бұл – азаматтық соғыстың ұшықны емес, жай заң өріндегі дау. Бұндай даулар – демократияны жете түсінген еркін халыққа күнделікті болып жататын дүние. Соның алдында Техас басшысы қатаң иммиграциялық заңға қол қойды. Ол федералдық қызмет сиртында жергілікті полицияларға де шекараны заңсыз кесіп өтетін адамдарды тұтқындау өклеттігін бермек. Заң наурызға ғана күшіне енебек. Вашингтон мен прокуратура оған қарсы сотқа шағым түсірді. Дәл осы тұста Байденнің шекараны ашық

пакетіне келісім беріп, Брюссельдің бзасынан аман қалды. Оның өзіне Венгрия санкциялардан қорқып, амалсыздан қолдады десек болғандай.

Украина қазір өз экономикасын ұстап тұру үшін қолдауды қажет етіп отыр. Бірақ Еуропалық Одақ пен АҚШ-тағы саяси қайшылықтар оның қолын қажетті қаржылық жәрдемге толық жеткізеді емес. Мәселен, Венгрия премьер-министрі Виктор Орбан Украинаға 50 миллиард еуро көлемінде қолдау көрсету пакетіне қарсылығын біраза дейін созылды. Ал Еуропалық одақтың кейбір елдерінің шыдамы таусылуға жақын еді. Орбан үкіметінің демократиялық шегіністеріне алаңдаған Еуропалық одақ Венгрияның бірлескен қорлардағы ондаған миллиард еуроны пайдалануына тыйым салды. Бұған экономикалық проблемалардан келіме емес Венгрия Еуропа Одағының саяси шешімдеріне, атап айтқанда Украинаға, сонымен қатар Таяу Шығысқа қатысты шешімдеріне veto қою арқылы жауап беріп келген.

Ол Украинада соғыс басталғалы Еуропалық одақты бірнеше рет ашуландырды. Брюссельдің Ресейге қарсы санкцияларын негізінен тиімсіз және кері нәтиже береді деп сынады. Украинаның территориялық тұтастығына қандай зардап әкелетініне аса алаңдамастан, Орбан Киевті Мәскеумен бейбіт келіссөз жүргізуге де шақырған. Бұған қоса, Венгрия Киевті Украинаның батысындағы этникалық венгр азышылығына қатысты шешімдеріне veto айтып, соғыстан зардап шеккен көршілес деген мардымызсыз қолдауын ақтап алуға әрекеттенді.

Жалпы Еуропалық одақ соғыстың басынан бері Украинаға шамамен 85 миллиард еуро көмек берген. Бұл сомаға Украина экономикасын қолдауға бөлінген 40 миллиард еуро, 27 миллиард еуроға жуық әскери көмек пен соғыстан қашқан украиндарға көмектесуге жұмсалған 17 миллиард еуро кіреді.

Сал болмағанда, Еуропалық одақ балама жолға кірісуге көшкен болатын. Одақ шешімі мақұлдану үшін барлық мүше елдер бірдей келісуі керек, біреуі келіспесе, шешім қайта қаралады. Сондықтан Венгриядан басқа 26 ел ерікті негізде Киевке көмек беруді ойластырған. Бірақ Венгрия ақыры көндікті. Көбегенде бұл әрекет кәрі құрлық елдерінің арасына салқын соқтыруы мүмкін еді.

Қалай алғанда да, жаһандық саясатта көңіл көшкітер жаңалықтар болмай тұр. Экономикалық дағдарыстарға келесіз қақтығыстар қосылып, дүниені шайқалтқандай. Ал бұл оқиғалардың қалай өрбитінін болжау қиын, алды бұлыңғыр.

1-бет

Аудан жаңалықтары



ЖАҢА ПРОКУРОР ТАНЫСТЫРЫЛДЫ

Қала әкімі Серік Қожаниязов жаңадан тағайындалған қала прокуроры Жандарбек Сұлтанбекұлын құттықтап, қала активіне таныстырды.

Жоғары жауапкершілікті талап ететін тегеурінді қызметте білімі мен тәжірибесін ел игілігіне арнап, қоғамдық қауіпсіздікті күшейтуге зор үлес қосады деп сенім білдірді.

Жылында қалалық мәслихат төрағасы Ибадулла Құттықожаяв жаңа басшыны құттықтап, қызметіне сәттілік тіледі.

ҚОР АТҚАРАТЫН ЖҰМЫС АУҚЫМЫ КЕҢ

Аудан әкімі Аманжол Оңғарбаев «Халықаралық Аралды құтқару қорының» Қазақстандағы атқарушы дирекциясы директорының міндетін атқарушы Зәуреш Әлімбетованы қабылдады. Қор басшысы мекеме тарапынан алдағы уақытта атқарылатын жұмыстар барысын баяндады.

Қазір қор теңіз табанынан ұнғыма қазып, жабайы жануарлар үшін суат салған. Сондай-ақ теңіз ұлтанна сексеуіл егуге септігін тигізуде. Бұдан бөлек, теңіздің ғана емес, ауданның кейбір қордаланған мәселелерін шешу бойынша да тиісті шаралар қабылдауда.

ТҮРҒЫНДАРДЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Мұхтар Оразбаев бекітілген кестеге сәйкес тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Тұрғындар аудан басшысына үй кезегі, тұрақты жұмысқа орналасу, басқа да мәселелер бойынша өздерінің талап-тілектерін айтып, оң шешімін табуына ықпал жасауды сұрады.

Аудан әкімі әрбір тұрғынның мәселесіне жеке тоқталып, заңдылыққа сәйкес түсіндіріп өтті. Тиісті бөлім басшысына тапсырмалар жүктелді.

АУДАН КӘСІПКЕРЛЕРІМЕН КЕЗДЕСУ

Аудан әкімінің орынбасары Жұлдызхан Ерқосаев, аудан прокуроры Мейрамбек Маханбетжанов пен кәсіпкерлердің қатысуымен арнайы жиын өтті. Аудан прокуроры кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау мәселелері жөнінде түсіндірме берді.

Сондай-ақ аудандық мемлекеттік кірістер, санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармалары, төтенше жағдайлар, полиция бөлімдері ақпарат берді. Кәсіпкерлер қадағалаушы органдар өкілдеріне өз сауалдарын қойып, жауап алды.

КЕҢЕЙТІЛГЕН МӘЖІЛІС ӨТТІ

Аудан әкімі Ардақ Ибраимовтың төрағалығымен білім беру ұйымдарының жай-күйі туралы кеңейтілген мәжіліс өтті. Оған аудандық мәслихат төрағасы, прокурор, полиция бөлімі бастығының орынбасары, жент және ауылдық округ әкімдері, білім беру ұйымдарының басшылары қатысты.

Жиын барысында білім саласының негізгі мәселелері қаралып, кемшіл тұстары айтылды. Аудан басшысы білім сапасын арттыру, әр бала үшін жайлы және қауіпсіз орта қалыптастыру бағытындағы жұмыстарды жүйелі атқаруды тапсырды.

ДАРЫНДЫ ЖАСТЫ ҚАБЫЛДАДЫ

Аудан әкімі Берік Сәрменбаев О.Әбілпаттаев атындағы №210 орта мектептің 11-сынып оқушысы Асылжан Абдуллаевты қабылдады. Дарынды жастың ІТ саласындағы жетістігі облыс, аудан мерейін үстем еткенін атап өтті.

Аудан әкімі жас дарынның анасы Мәдір Токберішоваға Алғыс хатпен марапаттады. Сондай-ақ Асылжан Абдуллаевқа сыйға ноутбук табыс етті. Жас талапкер өзінің алдағы жоспарларын айтып, алғысын жеткізді.

ҚАУІПСІЗДІК ШАРАЛАРЫ ТҮСІНДІРІЛДІ

Аудандық мәдениет үйінде террористік актілердің алдын алу, қауіпсіздік шараларын сақтау бағытында түсіндірме жүргізілді. Оқу семинарына облыстық ҰҚК департаментінің қызметкері Бөреке Айбосын келіп, лаңкестік оқиғалардың алдын алу жолдары туралы айтты.

Сондай-ақ ҰҚК аудан бойынша бөлімше қызметкері Мақсат Байрұстанов осы объекттердің дайындығын қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Жиын барысында бейнежазбалар мен фотосуреттер көрсетіліп, тәжірибе алмасылды.

«ТӘРБИЕ ТАЛҚЫ» АЛАҢЫ

«Тәрбие, спорт және қосымша білім беру орталығының» ұйымдастыруымен «Тәрбие талқы» атты 9-11 сынып оқушыларымен кездесу өтті. Жиынға аудандық білім бөлімі басшысының міндетін атқарушы Бекжан Шахизатұлы қатысты.

Кездесуде отбасы құндылықтары, қазақ халқының салт-дәстүрлерінің мәні, қыз бала мен ер бала тәрбиесіндегі негізгі өзекті мәселелер тақырыбында орталық мамандары баяндама жасады. Жиын соңында әлеуметтік бейнеролик көрсетіліп, оқушылардың ой-пікірлері тыңдалды.

«СБ» ақпарат

АРДАГЕРЛЕР АЛҚАСЫ

«Достық үйінде» облыстық ардагерлер кеңесінің көзекті алқа мәжілісі өтті. Оған алқа мүшелері қатысып, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы Серік Дүйсенбаев кеңеске ұсынылған келегелі мәселелерді атап өтті.



Бойынша жұмыстар жалғасын тапқан.

Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ,
«Сыр бойы»

Ардагерлер кеңесі жас ұрпақты патриоттық және адамгершілікке тәрбиелеу, саяси тұрақтылықты сақтау, қарт адамдардың әлеуметтік құқықтары мен мүдделерін қорғау, олардың лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларын қамтамасыз ету бағыттарында жүйелі жұмыс атқарып келеді.


Мәжілісте кеңес төрағасы 718 бастауыш ұйымға біріккен 81 мыңнан астам ардагердің қоғамдық-саяси шараларға қатысуы, әлеуметтік жағдайды жақсарту, жастар тәрбиесіне атсалысу ісінде көптеген іс-шаралардың ұйымдастырылып жатқанын айтты. Бастауыш ардагерлер ұйымдарының қызметін жетілдіру мен олардың белсенділігін арттыру талаптары

ратты сөздерінің тәрбиелік мәнін ұғындыру мақсатында көптеген шара өткізіліп тұрады. Әрбір кездесуге алқа мүшелері, этнос өкілдері мен жастар қатыстырылды. Олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысу, дәрігерлік көмек көрсетуіне ықпал жасау міндеттері орындалады. Мерейтойларына орай ер сала ардагерлеріне құрмет көрсетілді. Жырымдан астам адам «Қызылорда облысының құрметті ардагері» төбелгісімен марапатталды.

Алдағы уақытта «Әскерлік және жанапшырлық» пилоттық бағдарламасы бойынша жалғызбасты, асыраушысынан айырылған, мүгедек тыл ардагерлеріне қолдау көрсету мақсатында жұмыстар жүргізілімек, – деді Серік Әбішев.

Алқа мәжілісінде ардагерлер кеңесінің алдағы жұмыс таныстырылды. Жыны қорығысында облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті алқа мәжілісінде қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылданды.

Алқа мәжілісінде ардагерлер кеңесінің алдағы жұмыс таныстырылды. Жыны қорығысында облыстық ардагерлер кеңесінің кезекті алқа мәжілісінде қаралған мәселелер бойынша тиісті қаулы қабылданды.



Тарих көші үнемі жаңарып отырады. Десе де ескірмейтін, ұмытылмайтын оқиғалар қатарында қаншама тағдырды жалмаған сұрапыл Ауған соғысы интернационалист жауынгерлер мен қоғамның мәңгі есінде. Осыдан 35 жыл бұрын, 1989 жылдың 15 ақпаны күні Кеңес әскерлері Ауғанстан аумағынан шығарылды. Әскерге шақырылған ерімдей жас жігіттердің өмірінде өшпес із қалдырған әскери іс-қимылдар 10 жылға созылды.

Ауғанстан жеріне аттанған Кеңес әскерлерінің қатарында болған 22 мыңнан астам қазақ жауынгерлері Кеңес әскерлерінің шектеулі контингентінің құрамында интернационалдық борышын өтеген. Олардың 889-ы ұрыс даласында қаза тапты, 30-ға жуығы хабар-ошарсыз жоғалған. Үш мыңнан астам қазақстандық Ауған соғысынан мүгедек болып оралды. Бір ғана Ауғанстандағы әскери іс-қимылдың қазаққа әкелген орны толмас зардабы осындай.

Уақыт пен тарихтың мәңгі жадында қалған оқиғаларды өз бағынмен өткерген ел ағаларының айтары да, бізге берер тәлімі де мол. Елдің ауыр аманатын аркалап, өмір мен өлім белдескен уақытта, батылық пен ерліктің ерен үлгісін көрсеткен қаһарман жерлестеріміз бүгінде біздің ортамызда, ал кейбірі өкінішке орай ақтық сапарларына аттанған.



нылып, құрметке бөленіп, өкінішке қарай 2011 жылы өмірден озды.

Ауған жерінде қару асынып, мұң арқалаған уақытта бірін-бірі бауыр деп, өмірінің өлшеулі бір бөлігі, жалынды ағасын жастық шағын оқ пен от астында өткізіп, елге аман-сау оралып, туған жерімен қайшықан майдангер ағаларымыздың бірі – Жұмабеков Құламақдар Әбілкасымұлы.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қауіпсіздік комитетінің жоғарғы курстарын аяқтағаннан кейін 1974-2000 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қызылорда облыстық басқармасының жедел үздіктерін Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментті бастығының орынбасарына дейінгі лауазымдарында қызмет атқарған.

ты мен құрметі. Еліміздің тәуелсіздігі үшін, рухы мықты, жүрегіңде Отанға деген адал сезімі тұтанған азаматтардың барында болашағымызға еш алаңдамауымызға болады». Ардагердің естеліктері де, арнаулы мемлекеттік орғанда атқарған адал қызметі де, бүкіл ұлттың аманатын арқалаған азамат ретінде талай жылдарға дейін жетері сөзсіз.

«Өткені ескермеген өшеді, өткенін кастерлеген өседі» демекші, берер тәлімі мол, Ауған соғысы тарихының тірі куәгерінің бірі – Аманқұлов Марат Сейтжаппарұлы.

Ұлттық қауіпсіздік органдарының қауіпсіздік комитетінің жоғарғы курстарын аяқтағаннан кейін 1974-2000 жылдары Мемлекеттік қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаментті бастығының орынбасарына дейінгі лауазымдарында қызмет атқарған.

1981-1982 жылдары Ауғанстан демократиялық республикасында арнайы ісапармен болып, жедел операциялық іс-қимылдарға қатысып, интернационалдық борышын өтеп, елінің нағыз патриот, ер-жүрек офицері екенін дәлелдеді. Ел алдындағы жемісті еңбегі үшін Кеңес Одағының көптеген ордендері және медальдарымен марапатталған.

1997-2017 жылдары ҚР ҰҚК Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменттің жедел үздігі, аға жедел үздігі, қаржы бөлімінің аға офицері, бөлім бастығы лауазымдарында қызмет атқарып, 2017 жылы зейнетке шығарылған.

Құламақдар Әбілкасымұлының мына сөзі кейінгі ұрпаққа рух берері сөзсіз: «Әскери адамға рух беретін бірінші кезекте жұдырықтай жүрегіңдегі Отанына, отбасына деген шексіз махаббат

даласында мерт болса, енді біреулері мүгедектің халге түскенін көзіңізбен көрдік, жанымызға батты, олар жіберген қателіктен сабақ алдық. Жығылғанға жұдырық болған ауа райының қолайсыздығы. Ауған жерінің климаты, табиғи факторы – тау-тасты, аптап ыстық. Тастақты таулы шөл даланың ми қайнатар ыстығында үстіңе қару асынып, бір жұтым суға зар болған сынаққа толы соғыс жағдайында өз-өзіңді бір сәтке де еркін ұстап, босануға болмайтын кезеңдер әлі де кешегі күндей көз алдында. Бұл ескірмейтін естеліктердің ең негізгі түйіні – азат елдің төл перзенттері санасы тәуелсіз, ойы озық жастарына жауапкершіліктің жүгімен қатар ауыртыпшылықтың ашы дәмі де әбден татуы мүмкін екенін естен шығармағандары абзал.

Ауған соғысының қаһарманы Марат Сейтжаппарұлы 1992-2020 жылдары Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Қызылорда облысы және Байқоңыр қаласы бойынша департаменттің қызмет атқарып, бүгінде кейінгі буынға қарсы барлау қызметі бойынша бағыт-бағдар беріп, ақыл-кеңесін айтып отыратын ел ағасы, ардақты ардагеріміз.

Мақсатымыз – өткен ғасырда тарих толығында болған толқуларды талдау емес, тәуелсіз еліміздің төл перзенттеріне берер тәлімі мол туғандардың өнегелі өмірі мен Отан алдындағы адал қызметі турасында субейі әңгіме өрбіту.

«Ерлік – елдің туы». Ер қуаты – қару болса, ел – қуаты бағырлары, сакалды сарбаздары мен сардарлары. Халық қашанда қаһарман ұлдарын пана тұтқан. «Отан үшін күрес, ерге тиген үлес». Халықтың осы даналығы қайда жүрсе те, қашанда жүрек төрінде, сана саңасында сақтаулы жүрсе, қазақ баласы азаматтық парызын адал ақтауды ұмытпас.

Бір рух пен жігер, намыстан жаралған Ауған соғысының қаһармандарымен қазақ ұлтының қауіпсіздігін қамтамасыз ету саласында үзегілес қызмет атқарғанымызды құрмет тұтып, батырлардың ұрпағына тағзым білдіреміз.

Ата-баба даңқына дақ түсірмей, соған лайық азамат атын ылғи да биік ұстап жүрген жандардың өмірін үлгі ету – ортақ парызымыз.

Серік ДОСМАҒАМБЕТОВ,
«Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік органдарының ардагерлері» республикалық қоғамдық бірлестігі Қызылорда облыстық филиалының төрағасы

Кәсіпкерлерді әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне енгізу бойынша өтініштерді қабылдаудың басталғаны туралы ХАБАРЛАНДЫРУ

Ұйымдастырушы: «Қызылорда облысының кәсіпкерлік және өнеркәсіп басқармасы» КММ.

Орналасқан жері: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1.

Байланыс телефоны: +7(7242) 60-54-08, 60-54-07

Өтінімдерді қабылдау нысаны: Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығы шеңберінде әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер және заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Өтінімдерді беру орны: Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс к-сі, құрылыс 1.

Құжаттамаларды ұсыну мерзімі: 2024 жылдың «1» наурыздан бастап 2024 жылдың «15» наурыз аралығы.

Өтінімдерді берудің басталу күні мен уақыты: 2024 жылдың «1» наурызы сағат 09:00.

Өтінімдерді берудің аяқталу күні мен уақыты: 2024 жылдың «15» наурызы сағат 19:00.

Көрсетілген мерзім өткеннен кейін келін түскен өтінімдерді қабылдамайтын ескертеміз.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізіліміне Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің м.а. 2023 жылғы 17 шілдедегі №140 бұйрығымен бекітілген Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің тізілімін жүргізу қағидаларына (бұдан әрі – қағидалар) сәйкес өз қызметін әлеуметтік кәсіпкерлік саласында жүзеге асыратын жеке кәсіпкерлер мен заңды тұлғалар (ірі кәсіпкерлік субъектілерін қоспағанда) енгізіледі.

Әлеуметтік кәсіпкерлік тізіліміне келесі санатқа жататын кәсіпкерлер енгізуге үміткер бол алады:

- 1 санат – келесі халықтың әлеуметтік осал топтарын жұмыспен қамтуға ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;
- мүгедектігі бар адамдарды;
- мүгедектігі бар бала тәрбиелеп отырған ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді;
- зейнеткерлерді және зейнеталды жастағы азаматтарды (жасына байланысты зейнетке шығуға әбден жетпеген жасқа келгенге дейін бес жыл бойы);
- балалар ауылдарының тәрбиеленушілерін және балалар үй-

лерінің, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған мектеп-интернаттардың тұлғаларын – жиырма тоғыз жасқа дейін;

- қылмыстық-атқару (пенитенциарлық) жүйесі мекемелерінің жазасын өтеуден босатылған адамдарды – босатылғаннан кейін он екі ай ішінде;

- белгілі бір тұрғылықты жері жоқ адамдарды;

- аз қамтылған, көпбалалы немесе толық емес отбасыларға жататын ата-аналарды және басқа да заңды өкілдерді, сондай-ақ «Алтын алқа», «Күміс алқа» алқаларымен наградаланған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, сондай-ақ I және II дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградалған көпбалалы аналарды;

- наркологиялық науқастарды медициналық-әлеуметтік оңалтудан немесе психикаға белсенді әсер ететін заттарға тәуелділікті емдеуден өткен адамдарды – оңалту немесе емдеу жүргізілгеннен кейін он екі ай ішінде;

- қандастарды.

2 санат – бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарының тауарларын сатуға, жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге ықпал ететін әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

3 санат – тауарларды өндіру, жұмыстарды орындау, бірінші санаттағы халықтың әлеуметтік осал топтарына қызмет көрсету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері;

- әлеуметтік-тұрмыстық қызметтер;

- азаматтарды құту, сауықтыру, денсаулық жағдайын бақылау бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- әлеуметтік ортаға бейімделу үшін психологиялық жағдайды түзету бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- мінез-құлқытағы ауытқулардың алдын алу бойынша әлеуметтік-медициналық қызметтер;

- жұмысқа орналасуға және еңбекке бейімделуге жәрдемдесу жөніндегі қызметтер;

- коммуникациялық әлеуметті арттыруды, оңалту мен әлеуметтік бейімделуді көздейтін қызметтер, әлеуметтік қолдап отыру бойынша қызметтер;

- медициналық техниканы, протездерді, ортопедиялық құралдарды өндіру, аурулардың алдын алу, мүгедектерді оңалту үшін ғана

пайдаланылатын денсаулық сақтау саласындағы БҚ әзірлеу;

- мүгедектер мен зейнеткерлердің демалысы мен сауығуын ұйымдастыру;

- қосымша білім берудің білім беру бағдарламалары;

- мүгедектер мен халықтың мобильділігі төмен топтары үшін инфрақұрылым объектілеріне жағдай жасау және оларға қол жеткізу.

4 санат – келесі қызмет түрлерінде жұмысты жүзеге асыратын Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілері:

- отбасын нығайтуға, ана мен баланы қолдауға бағытталған психологиялық-педагогикалық және өзге де қызметтер;

- Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің, ТЖКБ білім беру бағдарламаларын іске асыру;

- мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету, негізгі орта және жалпы орта білімнің оқу бағдарламаларын меңгеруде, даму да және әлеуметтік бейімделуде қиындық білім алушылар мен тәрбиеленушілерге медициналық және әлеуметтік көмек көрсету;

- әлеуметтік бағдарланған коммерциялық емес ұйымдардың қызметтерін ұсыну сапасын арттыру бағытында, осы ұйымдардың қызметкерлері мен еріктілерін (волонтерлерді) оқыту;

- мәдени-ағарту қызметі (Жеке мұражайлар, театрлар, кітапханалар, мұрағаттар, мектеп-студиялар, шығармашылық шеберханалар, ботаникалық және зоологиялық бақтар, мәдениет және халық шығармашылығы үйлері);

- қоршаған ортаны қорғау;

- халықтың әлеуметтік осал топтарына гериятриалық және геронтологиялық көмек көрсету, денсаулық орталықтарын, СОС бойынша іс-шараларды ұйымдастыру жөніндегі қызмет.

Әлеуметтік кәсіпкерлік субъектілерінің өтінімдерін Қызылорда қаласы, Сұлтан Бейбарыс көшесі, құрылыс 1 (облыс әкімінің ниғаматы) мекен-жайы бойынша қабылдайды.

Кәсіпкер құжаттар топтама-сын толық ұсынбаған не анық емес деректерді немесе қағидалардың талаптарында белгіленген нысан-дарға сәйкес келмейтін құжаттарды ұсынған жағдайда ұйымдастырушы ұсынылған құжаттарды кәсіпкерге қайтарады.

КАДР РЕЗЕРВІНЕ ІРІКТЕУ ӨТКІЗІЛЕДІ

2024 жылы алғашқы рет барлық облыстарда, республикалық маңызы бар қалаларда және Астанада өңірлік кадр резервтеріне іріктеу өткізу жоспарлануда.

Резервке іріктеуді әрбір өңірде қалыптастырылған кадр комиссиясы жүзеге асырады. Кадр комиссиясының төрағасы облыс әкімі, комиссия төрағасының орынбасары Қазақстан Республикасының Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық бөлімшесінің басшысы. Комиссия құрамы облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың өкімі аппаратының басшысы, мәслихат төрағасы және тексеру комиссиясының төрағасынан құралады.

Өңірдегі әлеуметтік-экономикалық жағдайды және мемлекеттік басқару жүйесін дамыту басымдықтарын ескере отырып, іріктеу кезеңдерін өткізу мерзімдерін, өңірлік резервке алынатын кандидаттардың санын, салалық бағыттарды облыстық, республикалық маңызы бар қаланың, астананың кадр комиссиясы Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің келісімі бойынша айқындайды.

Былғы жылғы резервке іріктеудің салалық бағыттары:

- 1) индустрия және өнеркәсіп;
- 2) экономика және қаржы;
- 3) әлеуметтік сала;
- 4) тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық және инфрақұрылым;
- 5) агроөнеркәсіптік кешен және жер қатынастары;
- 6) цифрландыру;
- 7) экология болып бекітілді.

Резервке құжат тапсырған кезде кандидаттар осы бағыттардың бірін таңдайды. Бұл дегеніміз кандидаттар резервтен өткен жағдайда таңдаған саланың бағытында қызмет атқарады.

Резервке 35 жастан аспаған, жоғары білімі және жалпы еңбек өтілі 3 жылдан кем емес азаматтар іріктеуге қатыса алады.

Резервке іріктеу мынадай кезеңдерден тұрады:

- 1) кандидаттардың құжаттарын қабылдау;
- 2) занамамы білуге тестілеу және жеке кәсіпкертің бағалауы;
- 3) құзыреттерді бағалау;
- 4) комиссияның құрылымдық сұхбат;
- 5) комиссияның отырысында өңірлік резервке алуға ұсынылған кандидаттарды қарау.

Алғашқы кезең ағымдағы жылдың 1 наурызынан 31 наурызына дейін жағаласады. Құжаттарды қабылдау onip.krezev.gov.kz онлайн-платформасында кандидаттарды тіркеу арқылы жүзеге асырылады. Әрбір кандидатқа жеке логин және пароль беріледі. Тіркеу кезінде кандидаттар мынадай құжаттарды жүктейді:

- 1) Қазақстан Республикасы және куәлігінің не паспорттың көшірмесі;
- 2) өтініш;
- 3) білімі туралы құжаттардың және оларға қосымшалардың көшірмелері.

4) еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі, соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметімен расталған осы өңірлік резервке кандидаттың таптырылған қызметтік тізімі.

Құжаттарды тапсыру сәтінде жұмыссыз болып табылатын кандидаттар соңғы жұмыс орны бойынша кадр қызметі куәландыратын еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесін ұсынады;

5) үміткердің түрлі-түсті фотосуреті.

Іріктеудің екінші кезеңі 6 сәуір мен 14 сәуір аралығында өткізіледі. Бұл кезеңде кандидат занамамы білуге және жеке кәсіпкертің бағалауға тест тапсырады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасының Конституциясының, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметі туралы», «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының заңдарының, Өзден кодексінің нормаларын тест тапсырады.

Құзыреттерді бағалау кезеңі Астана қаласында 22 сәуірден 7 маусымға дейін жағаласады. Үшінші кезең Президент жанындағы Мемлекеттік басқару Академиясының базасында офлайн форматта өткізіледі.

Бұл кезең кандидаттардың мінез-құлқын: белсенділік, қызметтік басқару, мәселелерді талдау және шешу, көшбасшылық, сенімділік секілді қасиеттерін анықтауға және бағалауға бағытталып, топтық және жеке жаттығуларды қамтиды, олардың барысында кандидаттардың мінез-құлқын сертификатталған сарапшы-бағалаушылар бақылайды.

Іріктеудің төртінші кезеңі 13 маусым мен 15 маусым аралығында болады. Мұнда сұхбат қалыптастыратын презентациялар форматта жүргізіледі.

Кандидат әрбір кезеңді тапсыратын уақытта кезеңнен өту тілін бөлек таңдайды және әрбір кезеңнен кейін іріктеудің келесі кезеңдеріне жіберілген кандидаттардың тізімі Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің аумақтық бөлімшелерінің интернет-ресурсында, сондай-ақ онлайн-платформада жарияланады.

Іріктеудің соңғы кезеңінде комиссия отырысында өңірлік резервке қабылдау туралы шешім шығарады. Комиссия ұсынған азаматтар өңірлік резервке іріктеуге қатысу туралы өтініште көрсетілген бағыттар бойынша өңірлік резервке алынады. Резервке алынған азаматтар өзінің таңдаған салалық бағытына сәйкес конкурстан тыс мемлекеттік қызметке тағайындала алады. Бұл білімді, кәсіргі заман талабына сай дарыды жастардың мемлекеттік қызметке келуі үшін жастарға берілген мүмкіндік.

Әміржан СӨКЕН,
ҚР Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің облыс бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы

«ТОРФАЙ-ПЕТРОЛЕУМ» АҚ басшылығы мен ұжымы Компанияның Бас есепшісі Төлегенов Фатима Мақсұтқызына, 6 разрядты слесарь-жөндеуші Төлегенов Қасым Мақсұтқызына және қабатқа жұмысшы агентін айдау жөніндегі сорап станциясының 5 разрядты машинисті Төлегенов Асылбек Мақсұтқызына ауылы аналары **Төлегенов Урны Тәуекелқызының** қайтыс болуына орай қайғыларына ортақтасып, көңіл айтады.

СҰХБАТ

«САДАҚШЫ ЧЕМПИОН ШЫҒАРУ – БАСТЫ МАҚСАТЫМ»



Садақ ату – 1900 жылдан бері жазғы Олимпиада ойындарының тізіміне кірген спорт түрі. Аталған спорт түрімен бүгінде әлемнің 140 елінде кәсіби түрде айналысады.

Негізден түрлі тарихи аңыздарда хандар мен патшалар өз қыздарын жамбыны атып түсірген жігітке береміз деп шарт қойған? Себебі мергендер епті әрі ақылды деп саналған.

– Садақ ату орталығын ашу идеясы қалай келді?

– Негізгі мамандығым – фельдшер. Қызылорда қаласындағы «Өркеннет» медициналық колледжінде 2018 жылы бітірдім.

– Орталық тек бос уақытта садақ атуға арналған орын емес шығар?

– Қазіргі таңда «Рух» садақ ату орталығының арнайы үйімісі бар. Дәстүрлі садақ ату, тоғызқұмалақ, асық ату бағыттары бойынша оқушылар, жастар үйімірге катысып, кәсіби мамандардан ұлттық спорт түрлері бойынша білім алуына мүмкіндігі мол.

– Садақ ату спортымен айналысамын деген адамға алдымен қандай қасиет керек?

– Біріншіден, садақты кәсіби түрде атып адамның ойы жинақы болуы керек. Адамның ойы жинақы болмаса, нысанға фокус қоя алмайды, зейіні тұрақсыз болады.

Көңіл төріне көшкен бейне



«Бұл пәниде темір өзекті пенде жоқ, өлмес адам елде жоқ, өлімнен өтер өткел жоқ» деген бұрынғылардан қалған тәмсілдің түп-төркінінде ақиқат жатыр екен.

Сырдан бір апта бұрын ардақты жаның көз алдымағы бейнесі көңіліміздің төріне көшті. Әкеміздің бес күн тіршілік деп айтылатын мына жалғандағы түз-дәмі таусылды.

Жолдасбаевтар аулеті

«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастырғыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады. E-mail: smjarnama@mail.ru

ЖЫР БАЙҚАУЫНЫҢ ЖҮЙІРІКТЕРІ

Қара өлеңнің қара нары Мұқағали Мақатаевтың туғанына 93 жыл толуына орай Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледж ұстазы Ғабит Кәдірбайдың ұйымдастыруымен «Армысыңдар, адамдар!» атты жас ақындар мұшәйрасы мен автор өлеңін жатқа мәнерлеп оқу бойынша байқау өтті.

Мұшәйраға қаладағы колледж студенттері қатысып, ақынға арнауы мен еркін тақырыптағы өлеңдерін оқыды. Жыр бойына Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледж ұстазы Шаттық Айғабай, «Ұстаз мәртебесі» газетінің тілшісі Бексұлтан Санақұл, облыстық «Сыр бойы» газетінің тілшісі Дина Бөкеебай қазылық етті.

Қолына қалам ұстаған өлеңкер студенттердің арасынан оза шапқан М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжіндегі студент Нұржелді Өтепбергелі бірінші орынға лайықталғандығын Келесі жүлделі орындарды Текей батыр Қарпықұлы атындағы жоғары колледжіндегі студент Ақнәт Ордабаев және И.Әбдікәрімов атындағы Қызылорда аграрлық-техникалық жоғары колледжіндегі студент Тұрсынбай Құдайбергелі иемденді.

Жыр мұшәйрасы мен мәнерлеп оқу сайысының жеңімпаздары Алғас хаттармен, арнайы сыйлықтармен марапатталды.

«СБ» ақпарат

Әлжан ҚИЯС. Әйтеке би кеңгі



Бір қалта қант

летін пряник, конфет пен әлгі жұдырықтай шапнақ қант екен-ау! Еесіне, сапасы мінсіз еді ғой. – Өрине, әрине, – деді бір күліп алған Бекболат құдам әңгімені әрі жалғап.

тамаған тоқыма шебері болған, алыс-жақындағы атқамінерлердің кілем-қоржындары Зибәгул әжемнің қолынан өтеді екен.

Жанқожа карт батырды «бала күнінде қару-жарақ ұстап, соғыс тәсілдерін үйреткен ұстазым» деп пір тұтқан екен. Мінекей, менің нағашы атам Әбдік осы Жылқайдар батырдың тікелей ұрпағы еді.

рек болса да жолығып қалып жүретін ауыл арасындағы торқалы той, топырақты қазанда амандасудан әріге бара бермейтінбіз. Бүгін өрсенбінің сәтін өзіншегі бір салмақты бұйымтаймен келіп отырмын.

былтыр ғана өмірден озған мартерін Асылбек інімен басқамыз ел қатарлы сап түзеу келеміз. Отбасының үлкені болған соң шамам жеткенше інілерімнің өмірден өз орындарын табуына көмектесіп, бағыт-бағдар бердім.

Қаңтар айының басындағы демалыс күндерінің бірінде жана жылға құтты болсын айтып қызын алып отырған Бекболат құдамның үйіне бара қалдық.